

**Тимирязев аудандық мәслихатының 8 қаңтардағы 2020 жылғы № 42/9 "2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданы Интернационал ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 45/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 сәуірде № 6225 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданы Интернационал ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 42/9 шешіміне (2020 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5849 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Тимирязев ауданы Интернационал ауылдық округінің 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 14 435 мың теңге:

салықтық түсімдер – 1 117 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 13 318 мың теңге;

2) шығындар – 14 435 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 12 255 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 12 255 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 12 255 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 12 255 мың теңге , оның ішінде:

қарыздар түсімі – 12 255 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.";

мынадай мазмұндағы 4-1 тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Ауылдық бюджетте Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін ішкі қарыздар есебінен 12 255 мың теңге сомасында – Дружба ауылындағы ауылдық клуб ғимаратын ағымдағы жөндеуге есепке алынсын.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

А. Приходько

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С. Мустафин

Тимирязев аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы  
14 сәуірі № 45/3 шешіміне  
қосымша

Тимирязев аудандық  
мәслихатының 2020 жылғы  
8 қаңтардағы № 42/9 шешіміне  
1-қосымша

## 2020 жылға арналған Интернационал ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	14 435
1			Салықтық түсімдер	1 117
	01		Табыс салығы	136
		2	Жеке табыс салығы	136
	04		Меншікке салынатын салықтар	981
		1	Мүлікке салынатын салықтар	38
		3	Жер салығы	53
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	890
4			Трансферттердің түсімдері	13 318
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	13 318
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	13 318
Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдарла-малардың әкім-шісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы (мың теңге)

			2) Шығындар	14 435
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	10 036
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10 036
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	10 036
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	200
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	200
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	200
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	4 049
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4 049
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	4 049
12			Көлік және коммуникация	150
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	150
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	150
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	12 255
			Бюджеттік кредиттер	12 255
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	12 255
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	12 255
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	12 255
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 12 255
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	12 255
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7			Қарыздар түсімі	12 255
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	12 255
		2	Қарыз шарттары	12 255

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК